



Қазақ халқының тұрмыстық және лирикалық әндері





ТҰРМЫСТЫҚ ӘНДЕР


Тұрмыс-салт әндері әдет-ғұрыптармен байланысы жоқ, көбінесе кішігірім жиын-тойларда, жанұялық мейрамдарда, ойын-сауық кештерде орындалады.



ЛИРИКАЛЫҚ ӘНДЕР

Лирика- (грек. аударғанда лира аспабының сүйемелдеуімен айтылатын сезімтал, лиралы)

Ақынның жанды не жансызға білдірген жеке сезімі мен көңіл-күйі. Уайым мен көңіл-күйдегі сезім, эмоцияның нәзіктігі мен шеберлігінің бастауы.



ТҰРМЫСТЫҚ ӘНДЕР

Тұрмыс-салт әндері әдет-ғұрыптармен байланысы жоқ, көбінесе кішігірім жиын-тойларда, жанұялық мейрамдарда, ойын-сауық кештерде орындалады.



Айтыс- екі ақынның бір-бірімен өлең-сөз арқылы жарысуы.

- * *Қайым айтыс*
- * *Жұмбақ айтыс*
- * *Өтірік айтыс*
- * *Шешен айтыс*
- * *Бөкет өлең.*



ҚАЙЫМ АЙТЫСЫ

Жігіт: Атыңды шешең
сүйіп қойған Еркін,
Той болса түзетесің
кәмшат бөркің.

Бұлаңдап ұжмақтың хор
қызындай,

Бітпеген еш пендеге сенің
көркің.

Қыз: Атымды шешем
сүйіп қойған Еркін,
Той болса түзетемін
кәмшат бөркім.

Келе сап сипатымды
баяндадың,

Есіңді аударды ма менің
көркім?!



Түре айтысы-ақындардың қысқаша айтысуы
Сүре айтыс-ақындардың ұзақ айтысуы.

Айтыс өлеңдері көбінесе 11 буыннан құралады

Бала	Үлкендеу бала
Нала	Киімі ала
...ала	Жүргені дала
...ала	Арманы қала
...ала	
...ала	

Үлкендеу Ғазиз деген бала
болды,
Киімі үстіндегі ала болды,
Жүргені әп-әдемі дала болды ,
Арманы ол баланың қала болды.







Жұмбақ айтыс

Талап бойынша қарсылыстары өлең түрде қойылған сұрақтың жауабын дұрыс тауып қана қоймай, оны қызықты, күлдіргі сөзбен жеткізуі керек. Жеңілгені қарсыласының кез келген талабын орындаған

Өтірік айтыс

Қатысушылар өлең түрде қызықты әңгіме айтып, онысына бір де бір шындық қоспауы керек.







Шешен айтыс

Айтыскерлер өзінің тапқырлығымен суырып-салмалық қабілетін көрсетеді.

Бөкет өлең


Қатысушылар берілген бір тақырыптың шеңберінде кезектесіп өлең шығарып, өзінің тапқырлығы мен сөз өткірлігін көрсетуге тырысқан.



Тұрмыс - салт әндерінде тәрбиелік мән басым болады, мысалы ол «Не жаман», «Өмір туралы» әндерінде айқын көрінеді. «Не жаман» әнінде дәстүрлі қоғамның жағымсыз жақтары айтылады: ұрлық, ерке өскен қыз, жесір қалу, жетім қалған бала, кәрілік, жау шапқыншылығы, күйеуінен қайтқан қыз т.б. Қызықтысы, осы 13 «жаманның» ішіндегі ең жаманы-кедейшілік («жоқ жаман»)

«Өмір туралы» әнде адамның бір жастан тоқсан жасына дейінгі өмірі суреттеледі, кей кезде ол әзіл-ысқақ түрінде орындалады

Байсалды



Бір жас - қа кел ге-нің - ше құн-дақ-тай-сың, е-кі - де тек тілқат-пай был-ғақ-тай

сың, бес жас - та бе - зіп - үй - ден тал ат мі - ніп, он - жас -

та жар ғ(а)ой - на - ған ы - лақ - тай - сың.

Тұрмыс-салт әндерінің ішінде

Балаларға арналған әндерді ересектер орындайды (мысалы, «Санамақ», «Жаңылтпаш», «Төрт түлік мал», «Әлди-әлди»). Бұндай тәрбиелік мәні бар әндердің кейбіреулері баланы бұрыс және анық сөйлеуге үйретсе, басқалары малдың түрлерімен, олардың мінез-құлықтарымен таныстырады.

Балалар әндерін балалардың өздері орындайды, олардың көбісі ойын кезінде айтылады, мазмұны да сол ойынмен байланысты.






Лирика

Лирикалық әндер ел арасында кең тараған, олар адамның көңіл-күйіне, ішкі дүниесіне арналған. Лирикалық әндерінің мазмұны ауқымды, терең мағыналы.

Қара өлең



Авторы белгісіз, халықтың өзі шығарып, өзі орындайтын лирикалық әндерді айтамыз. «Қара» деген сөз екі түрлі мағынаны білдіреді: оның бірі «қарапайым», яғни «жеңіл», «оңай», деген болса, екіншісі халық поэзиясында қолданылатын 11 буындық өлең құрылымының аталу.

Қара өлеңдерде махабаттық, ғашықтық сезім басым. Оларда қыздың сұлулығы, сүйікті жарына деген сағыныш, табиғаттың көріністері орын алған.

Назқоңыр

Асықпай, баппен

Ай қа-бақ ал-тын кір-пік қы-зыл е - рін, кел де-сең не-г(е)а йй-ын ат-тың те -
рін. Са-ры-ағаш саз-ға біт-кен се-кіл-де - ніп, қай жер-де
о-тыр е-кен бұ-раң бе - лім. А-ха-ха-у ләй-лім, ха-лә-лә-ку-
ләй - лім, ха-лә-лә-ку ли-лә-ләй, ли-лә-лә-ку-ләй - лім.

Аңыз күйлер

Аспаптық музыканың ең көне үлгілері. Оған дәлел- күй мен аңыздың, музыка мен мәтіннің біртұастығы. Бұндай күйлер мен аңыздар жеке-дара болып орындалмайды, өздерінің құрылымы мен мазмұны жағынан олар бірін бірі толықтырып тұрады. Аңызсыз жеке орындалған күй мән-мағынасын айырылады. Көне заманнан келе жатқан аңыз күйлерде музыканың бейнелеу мүмкіндігі кеңінен қолданылған , мысалы, аттың шабысы, құландардың жосуы, қасқырдың ұлуы, аққудың саңқылы.



Тарихи әндер мен күйлер

Халық өмірінде орын алған маңызды оқиғалар мен тарихи тұлғаларға арналған.

Халық әні «Елімай» жоңғар шапқыншылығы кезіндегі «зар заманды» бейнелесе, «Ел айырылған» күйі қазақтар мен ноғай руының бөлінуін сипаттайды. . Ғасырлар бойы бірге өмір сүріп келген қарапайым халықтың екіге бөлініп, жақын-туыстарынан айрылуы, туған жерін тастап жат жерлерге көшуі осы күйде суреттеледі.

Ел айрылған

Оживленно

$\square \vee \square \vee \square$

p

$\square \vee \square \vee$

mf

The image shows a musical score for the piece 'Eel Ayrylgan' (Eel Separated). It consists of two staves of music in 2/4 time. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one flat (B-flat), and a 2/4 time signature. The tempo/mood is marked 'Оживленно' (Allegretto) and the dynamics are 'p' (piano). Above the first staff, there is a rhythmic pattern: a square followed by a 'V' shape, then another square and 'V' shape, and finally a square. The second staff starts with a repeat sign and continues with similar rhythmic patterns. Above the second staff, there is another rhythmic pattern: a square followed by a 'V' shape with a '3' below it, and then another 'V' shape. The dynamics for the second staff are 'mf' (mezzo-forte).



**Назарларыңызға
рахмет!**

